

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 974 Қаулысы

Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2007.07.30. N 641 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министр

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап. "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 15-16, 226-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 5-1) және 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) ғылыми-зерттеу жұмыстары - іргелі және қолданбалы ғылыми з е р т т е у л е р ;

5-2) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар - ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске тапсыруға дайындайтын жұмыстар, олардың нәтижесі пайдалы үлгіні ж а с а у б о л ы п т а б ы л а д ы ; "

6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"6) іргелі және базалық зерттеулер - жаңа білімдерді қолдануға немесе пайдалануға байланысты, қандай да бір ерекше немесе нақты мақсаты жоқ, табиғат құбылыстарына және қадағалау фактілеріне қатысты жаңа білім алуға бағытталған эксперименталдық ж ә н е т е о р и я л ы қ қ ы з м е т ;

7) қолданбалы зерттеулер - жаңа білім алу мақсатында қабылданған және нақты практикалық мақсаттарды немесе міндеттерді шешуге бағытталған төлтума зерттеулер; "

9) т а р м а қ ш а а л ы п т а с т а л с ы н ;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) ғылыми ұйым - білімнің белгілі бір салаларында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік немесе мемлекеттік емес ұйым ; " ;

16) тармақшада :

"ірі ғылыми орталықтарының," деген сөздер алып тасталсын;
"республиканың" деген сөзден кейін "тиісті білім салаларында ғалымдары бар" деген сөздермен толықтырылсын;

17) тармақшаның бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"ғылым докторы - ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы академиялық дәрежесі бар ізденуші көпшілік алдында диссертация қорғағаннан кейін қабылданған диссертациялық кеңестің қолдаухатының негізінде уәкілетті мемлекеттік орган беретін ғылыми дәреже ;";

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) философия докторы - магистр академиялық дәрежесі немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар ізденуші докторантураны бітіргеннен және тиісті диссертацияны көпшілік алдында қорғағаннан кейін білім беру және ғылым ұйымдары беретін академиялық дәреже ;";

18) тармақшада "Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) технологиялық парк (технопарк) - негізгі қызметі инновациялық жобаны іске асыру үшін қажетті қызметтерді көрсету болып табылатын меншік құқығындағы материалдық-техникалық кешені бар заңды тұлға;";

2) 3-баптың 8) тармақшасында "экологиялық" деген сөз "ұлттық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 4 - баптың 1 - тармағында :

"біліктілігі бар, ғылыми және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөздермен толықтырылсын ;

", ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын", "(бұдан әрі - ғылыми ұйым)" деген сөздер алып тасталсын;

"орындайтын" деген сөзден кейін "ғылыми" деген сөзбен толықтырылсын;

4) 6 - бапта :

1-тармақ "ғылыми және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ғылым мен техниканы дамытудың басым бағыттары бойынша үйлестіруші қызметті жүзеге асыратын, зерттеулерді өткізуден бастап олардың нәтижелерін енгізуге дейінгі бірыңғай процесті

қамтамасыз ететін ғылыми орталықтар - мемлекеттік ғылыми ұйымдар құрылуы
м ү м к і н . " ;

2-тармақтың бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік меншікке негізделген ғылыми ұйымдар мемлекеттік ғылыми
ұ й ы м д а р б о л ы п т а б ы л а д ы . " ;

4 - т а р м а қ т а :

"қызметкерлеріне, ғылыми" деген сөздерден кейін "және академиялық" деген
с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"ғылым кандидаты" деген сөздерден кейін "және философия докторы" деген
с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

5-тармақта "ғылым кандидаттарына" деген сөздерден кейін ", философия
докторларына" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ғылыми қызметтің негізгі бағыттарын өз бетімен белгілеуге құқығы бар, жеке
меншікке негізделген ғылыми ұйымдар мемлекеттік емес ғылыми ұйымдар болып
т а б ы л а д ы . " ;

7-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

5) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы қоғамдық бірлестік
нысанында құрылады және оның толық мүшелерінен (академиктерден),
корреспондент-мүшелерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы ғылымды дамытудың
басым бағыттарын анықтауға қатысады, мемлекеттік тапсырыс бойынша жыл сайынғы
Ғылым туралы ұлттық баяндаманы дайындауды жүзеге асырады және Қазақстан
Республикасының Президентіне енгізеді, ғылым жетістіктерін насихаттайды.";

6) 9-бап алып тасталсын;

7) 11-баптың тақырыбы "Санаткерлік" деген сөздің алдынан "Ғылыми" деген сөзбен
толықтырылсын;

8) 1 7 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) салалық (секторалдық) ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды
б е к і т е д і ; " ;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, сондай-ақ
орындаушы ұйымның меншік нысанына және қаржыландыру көздерінің түріне
қарамастан олардың нәтижелерін, қорғалған кандидаттық және докторлық
диссертацияларды мемлекеттік тіркеу ережесін бекітеді;"

7) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясын

қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

7-3) тармақша "ғылым кандидаттарына," деген сөздерден кейін "философия докторларына," деген сөздермен толықтырылсын;

9) 1 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1), 3-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми зерттеулерді жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;"

"3-1) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың, сондай-ақ орындаушы ұйымның меншік нысанына және қаржыландыру көздерінің түріне қарамастан олардың нәтижелерінің, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялардың мемлекеттік тіркелуін жүргізу және дерек қорын құру;"

17) тармақша алып тасталсын;

1 0) 2 1 - б а п т а :

тақырыбы және 1-тармақ "Ғылыми" деген сөздің алдынан "Мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік ғылыми ұйымның басшысы, оған қатысты мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын органмен келісім бойынша, осы ғылыми ұйымның ғылыми кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып, қызметке тағайындалады және одан босатылады;"

1 1) 2 2 - б а п т а :

1) тармақша ", сондай-ақ қалыптастыру және орындау сатыларындағы инновациялық жобалар;" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қалыптастыру және орындау сатыларындағы, бюджет қаражаты есебінен іске асыруға жататын мемлекетаралық, мемлекеттік, салалық (секторалдық) ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар;"

б) т а р м а қ ш а д а :

"басқа" деген сөзден кейін "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

"технологиялар" деген сөз "ғылыми санаткерлік меншік объектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ "қаражат" деген сөзден кейін "мекемелердің-бағдарламалар әкімшілерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

"қызметті" деген сөз "қызметін" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 24-бап алып тасталсын;

13) 25-бап мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Ғылым мен білім ықпалдастығының негізгі мақсаттары:

іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарындағы ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарының күштерін шоғырландыру;

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК